

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«ТӨЛЕСІН ӘЛИЕВ АТЫНДАҒЫ  
№1 ЖАЛПЫ БІЛІМ  
БЕРЕТІН МЕКТЕП»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ШКОЛА №1 ИМЕНИ ТОЛЕСИНА  
АЛИЕВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ПО ГОРОДУ ЖАНАОЗЕН  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

28.08.2025ж. №135 нқ

Жаңаөзен қаласы

город Жанаозен

**«2025/2026 оқу жылының I-жарты жылдығында 5-11 сынып оқушыларының арасынан жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы білім алушыларды және 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы»**

2025-2026 оқу жылының I-жарты жылдығында Жаңаөзен қалалық білім бөлімінің «Төлесін Әлиев атындағы №1 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына сәйкес, «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтану қызметтерін көрсету үшін құжат қабылдау» (ҚР БҒМ 13.04.2015ж. №198 бұйрығымен бекітілген) мемлекеттік қызмет стандартына, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына (ҚР БҒМ 31.10.2018ж. №598 бұйрығымен бекітілген), педагогикалық кеңестің шешімдеріне, ата-аналардың өтініштеріне, оқушылардың жекелеген отбасыларының материалдық жағдайын тексеру актілеріне сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылының I-жарты жылдығынан бастап, 5-11 сынып оқушылары аралығында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы балаларына, көп балалы отбасынан шыққан балаларға және 1-4 сынып оқушыларына тегін тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2. Мектеп директорына 5-11 сынып оқушылары аралығында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы балаларының, көп балалы отбасынан шыққан балалардың және 1-4 сынып оқушыларының тізімі бекіттіруге ұсынылсын.

*/қосымша №1/*

3. 5-11 сынып оқушылары аралығында жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы білім алушылар мен 1-4 сынып оқушыларына тамақ ішу кестесін жасақтау мектеп психологы Таджибаева Сағыныш Коянбаевнаға жүктелсін.

